аптaлық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

№ 42/478

21 октября 2016 года

газета издается с 26.06.2004 года

ҚАЗАҚСТАН БАСПАСӨЗІНІҢ ДАЙДЖЕСТІ *** ДАЙДЖЕСТ КАЗАХСТАНСКОЙ ПРЕССЫ

## ЕЛБАСЫ «CNBC ARABIA» ТЕЛЕАРНАСЫНА СҰХБАТ БЕРДІ



**Мемлекет басшысы сұхбат барысында Сириядағы жағдайды тезірек шешу үшін осыған мүдделі барлық мемлекеттер бір мәмілеге тоқтауы тиістігін айтты. Осы сұхбаттан бейне-үзінді Президенттің баспасөз қызметінің фейсбуктегі парақшасында жарияланды.**

Телеарна тілшісінің «Сирия мәселесі өте күрделі. Әлі шешімін тапқан жоқ. Сіздің ойыңызша, Сириядағы дағдарыс жақын арада өз шешімін таба ма, әлде ұзаққа созыла ма?» – деген сұрағына Қазақстан Президенті: Ең бірінші, барлық мүдделі мемлекеттер келісіп, бір жерден сөз шығаруы қажет. Әсіресе, араласып жатқан үлкен мемлекеттер. Өкінішке орай, әрқайсысы өздерінің мүддесін қорғап, әртүрлі жағдаймен кіріседі. Әрқайсысының өз мүддесі бар. Лаңкестікке қатысып жүрген адамдар соны қолданады. Біріне бірін қарсы қояды. Сондықтан, менің ұсынысым – БҰҰ аясында бүкіл дүниежүзілік қоғамдастық бірлесіп лаңкестікке қарсы тұрып, Сирияның мәселесін шешуі керек. Басқа жол жоқ деп санаймын. Себебі, бұл барлық мемлекеттерге қауіп. Бізді білмейтін басқа дүние, Батыс елдері мұның барлығы мұсылмандардан шығып отыр деп ойлайды. Лаңкестік пен мұсылманның арасында ешқандай да теңдік (байланыс) жоқ. Барлық елдер бірігіп қарсы шықса, оны жеңуге болады»,- деп жауап берген.

Елбасы сұхбат барысында еліміздің БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің 2017-2018 жылдардағы тұрақты емес мүшелігіне, ядролық қаруды таратпауісіндегі күш-жігеріне және республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты қойылған сұрақтарға да жауап берді.

**дереккөз:https://egemen.kz**

## 19 ЛЕТ НАЗАД НАЗАРБАЕВ ПОДПИСАЛ УКАЗ О ПЕРЕНОСЕ СТОЛИЦЫ

**В честь 19-й годовщины со дня подписания Президентом Казахстана Указа "Об объявлении города Акмолы столицей Республики Казахстан" пресс-служба Нурсултана Назарбаева опубликовала в соцсетях видео, в котором Глава государства рассказывает о причинах переноса столицы, сообщает Kazpravda.kz.**



В отрывке из документального фильма "Размышления Президента о времени и о себе", снятом в 2011 году, Н.А.Назарбаев вспоминает об истории переноса столицы и о непростом становлении Астаны.

По словам, Елбасы идея переноса столицы возникла на фоне возникших на тот момент трудностей и катаклизмов.

*"Объявить в Парламенте в 1994 году, что надо перенести столицу, – это было равноценно взорвавшейся бомбе. На меня смотрели как на человека, сдвинутого по фазе. Кругом пенсии не платим, зарплаты не платим учителям, врачам, а он столицу переносит. Это же миллиарды. Но с очень небольшим перевесом в день моего рождения, как подарок, депутаты проголосовали "за", сказав: "Да, это будет через 40–50 лет, к этому времени нас не будет. Сегодня день рождения у него, не будем расстраивать, давайте проголосуем". Вот так проголосовали. В 1997 году эти депутаты переехали сюда в поездах, с шампанским и гармошками, как на Целину"*, – рассказывает Нурсултан Назарбаев.

Своим решением Глава государства показал весь потенциал нашей республики.

*"Столица государства должна быть в центре страны. Это должно быть место, где будет росток нового экономического развития, новый импульс, который будет собирать все новые силы Казахстана. И главное, было необходимо учесть стратегические интересы нашей страны. Тогда я об этом не знал, но теперь я знаю, что Астана является точным географическим центром Евразийского материка. За десять лет мы построили город, который не построило в XIX веке ни одно другое государство. Мы единственные, построившие новую столицу в чистом поле"*, – поделился Нурсултан Назарбаев.

Отметим, что ровно 19 лет назад, 20 октября 1997 года, Глава государства издал указ "Об объявлении города Акмолы столицей Республики Казахстан".

**источник: www.kazpravda.kz.**

## АТЫРАУДА ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТЫ ЕСКЕ АЛУ КЕШІ ӨТТІ

Атырауда мемлекет және қоғам қайраткері, халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Еңбек Ері Әбіш Кекілбаевты еске алуға арналған «Кемел елдің кемеңгер қаламгері» атты әдеби-өнер кеші болды. Оған Астана мен Алматыдан, Батыс Қазақстан мен Маңғыстау облыстарынан қатысуға келген қонақтардың арасында кемеңгер тұлғаның жары Клара Жұмабаева, ұлы Дәулет пен қызы Сәулет, мемлекет және қоғам қайраткерлері Өмірбек Бәйгелді, Кенжеғали Сағадиев, Зейнолла Алшымбаев, Бақтықожа Ізмұхамбетов, Өмірзақ Озғанбаев, Мәжіліс депутаты Абай Тасболатов, жазушылар мен ақындар Қажығали Мұхамбетқалиев, Роллан Сейсенбаев, Өтеген Оралбаев, Ақұштап Бақтыгереева, Мереке Құлкенов, «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ басқарма төрағасы Дархан Қыдырәлі, желмен жарысқан желаяқ, ардагер спортшы Әмин Тұяқов, күйші Сержан Шәкратов, жыршы-термеші Амандық Көмеков, әнші Тамара Асар бар.




Еліміздің әр өңірінен Жайық жағасына келген қонақтар алдымен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың әдеби мұрасын ғылыми зерттеу орталығының ашылуына қатысты. Орталықтың лентасын қаламгердің жары Клара Жұмабаева мен Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев қиды.

Орталықта жазушының әдеби туындылары қойылған. Бұдан кейін «Кемел елдің кемеңгер қаламгері» атты әдеби-кешінде естелік айтушылар Әбіш Кекілбаевтың қаламгерлік және кемеңгерлік қырларына кеңінен тоқталды. Алдымен сөз алған облыс әкімі Н.Ноғаев жазушының «Рухтың күштілігі – ардың тазалығы, сезімнің шынайылығы» деген сөзін мысалға ала отырып, ел тәуелсіздігінің қалыптасу кезеңіндегі көсемдік, кемеңгерлік болмысын танытқанына тоқталды.

Кенжеғали Сағадиевтың пікірінше, ол ұлт перзенті ретінде қазақ халқының рухани дамуына айшықты қолтаңбасын қалдырды. Ал өнер зерттеушісі, композитор Илья Жақанов «Жазушының суреткерлік болмысы зерттелуі қажет» дей келе шешендік қабілетіне бірнеше мысалдар келтірді.

Танымал жазушылар Қажығали Мұхамбетқалиев, Ақұштап Бақтыгереева, Мереке Құлкенов, мемлекет және қоғам қайраткерлері Өмірбек Бәйгелді, Бақтықожа Ізмұхамбетов, Зейнолла Алшымбаев кемеңгер қаламгердің адами қасиеттері туралы толғана әңгімеледі.

«Әбіш –ұлы суреткер, ол әлемдегі ең танымал 100 жазушының тізіміне енді» деді жазушы Роллан Сейсенбаев.

**дереккөз:https://egemen.kz**

## В ШЫМКЕНТЕ ЗАРАБОТАЛ, НЕ ИМЕЮЩИЙ АНАЛОГОВ В СНГ, ПРОЕКТ ПРЕДОСТАВЛЕНИЯ ГОСУСЛУГ

**В Шымкенте запущен проект предоставления госуслуг Front office, не имеющий аналогов в СНГ, передает Kazpravda.kz.**



"Это новый принцип предоставления различных государственных услуг населению в режиме "одного окна". Проект сведет к минимуму бюрократию в госучреждениях и возможности коррупционных правонарушений", – заявили в акимате Шымкента.

С запуском Front office жителям больше не придется обходить по три – четыре инстанции ради получения одной госуслуги, достаточно будет лишь подать заявку, и специалисты сделают все остальное, направив заявку клиента в соответствующие госорганы. Учреждение предоставляет более 400 видов услуг.

С помощью идентификационного кода заявитель сможет отслеживать ход исполнения заявки в режиме онлайн. Обращения будут обрабатываться в сроки, установленные законодательством Республики Казахстан.

**источник: www.kazpravda.kz.**

## ОБЯЗАТЕЛЬНАЯ ДАКТИЛОСКОПИЯ ГРАЖДАН В КАЗАХСТАНЕ - С 2021 ГОДА

Начальник департамента миграционной полиции Министерства внутренних дел Республики Серик Сайынов в ходе брифинга в СЦК рассказал, что обязательная дактилоскопия будет внедрена в 2021 году, и продлится она около четырех лет. На эти цели будет выделено порядка 24 млрд тенге.

*«Включение отпечатков пальцев в документы, удостоверяющие личность, позволят 100% идентифицировать человека. Это упростит прохождение пограничного контроля»*, - рассказал Сайынов.

Под дактилоскопию будут попадать все граждане РК, начиная с 16 лет при получении документов, удостоверяющих личность. При этом, детям с 12 до 16 лет могут сделать дактилоскопию только с их согласия.

**источник: www..kursiv.kz/news**

*19 қазан – Құтқарушы күні*

# ҚҰТҚАРУШЫЛАР МЕРЕКЕЛЕРІН ТОЙЛАДЫ



Соңғы жылдары Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар Министрлігіне және Ішкі істер Министрлігіне қарасты өрт сөндіру һәм құтқару қызметтерінің құзіреті артып, оларға тиісті жағдайлар жасалып, олардың қызмет сапасының артқаны, аталмыш салалардың қызметіне қажетті материалдық базасының барлық жағынан қамтамасыз етіліп келе жатқаны жасырын емес. Аталған қызметтер білікті, білімді, сақадай сай мамандармен жасақталып жүргені де олардың қызмет сапасының артуына ерекше ықпал етуде. Өрттен, табиғи апаттардан, судан және тосаттан болатын төтенше жағдайлардан халықты құтқару барысында біраз жетістіктерге жете бастаған сала қазметкерлері үстіміздегі айдың сәрсенбісі күні, яғни 19-қазанда өздерінің кәсіби мерекелерін тойлады.

Халықтың қауіпсіздігіне жауапты қос мекеме қызметкерлері Приозерск қаласының № 4 өрт сөндіру бөлімінің ғимаратында осы күні бас қосты. Мерекелік шараны Приозерск қаласының төтенше жағдай бөлімінің ұжымы ұйымдастырып, аталған ісшараға Приозерск қаласының әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин, қалалық мәслихат хатшысы Бекзат Мұқсинұлы Сәрсембеков және Нұр Отан партиясы Приозерск қаласы



филиалы төрағасының бірінші орынбасары Дулат Орынбасарұлы Дүйсембаевтар құрметті қонақтар ретінде қатысты. Сыйлы қонақтар құтқару қызметі саласы қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтады және қала әкімдігі мен мәслихаты тарапынан құттықтау мен жылы лебіздер естіді және № 47 өрт сөндіру бөлімінің озат мамандары Қанат Арқабаев пен Марат Нұрлыбаевтар, Приозерск қаласының жедел құтқару жасағының мүшесі Сәкен Бурибаевтар құзырлы орындар тарапынан Алғыс хаттармен марапатталды.

Салтанатты жиын соңы мерекелік құттықтаулармен және концерттік бағдарламалармен жалғасын тауып, көңілді мерекелік шарамен жалғасын тапты.

**Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ**

*Мүмкіндігіңді пайдаланып қал!*

# МҮЛІКТІ ЖАРИЯ ЕТУ АЗАМАТТАР ҮШІН ДЕ, ЕЛ ҮШІН ДЕ ТИІМДІ

Елбасымыздың тікелей бастамасымен 2014 жылдың 30-маусымында «Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ыхтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» Заң қабылданды. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды. Бұл заң 2014 жылдың 1-ші қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілді. Құжат Мемлекет басшысының бес институционалдық реформасы аясындағы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыруға бағытталады.

Мүлікті жария ету акциясы бойынша үйді заңдастыру ісі тегін жүргізіледі. Ешқандай алым алынбайды. Мүлікті жария ету акциясы бойынша үйді заңдастыру үшін ең алдымен, жердің құжаттары толық болуы тиіс, жер телімі нысаналы мақсатына сай қолданылуы керек. Екіншіден, тұрғындар жылжымайтын мүлік орталығынан үйдің техникалық төлқұжатын алуы керек. Осы ретте техникалық төлқұжатты алуға қатысты шығындарды және сондай-ақ, сейсмикалық қорытынды алудың шығындарын тұрғындардың өздері өтейді. Мүлікті заңдастыру аясында, егер сізде жер учаскесіне мемлекеттік акт болса, құрылысқа техникалық төлқұжат алу үшін тиісті құжаттар тізбесімен (өтініш, жеке басты куәландыратын құжат, мемлекеттік акт, алым сомасын төлегенін растайтын құжат, т.б. қажетті құжаттарды алып) Халыққа қызмет көрсету орталығына жүгінуіңіз қажет. Техникалық төлқұжатты әзірлеу мерзімі жылжымайтын мүлік нысанының түріне байланысты жасалады. Атап айтсақ, жеке тұрғын үйлерге, жеке гараждарға, саяжай құрылыстарына техникалық төлқұжат жетінші жұмыс күні беріледі және оның бағасы мүліктің шаршы метріне, аумағына байланысты белгіленеді. Жылжымайтын мүлік орталығының қызметкерлерімен келісе отырып, техникалық зерттеу жүргізу үшін нысанға барып, техникалық құжат әзірлейді. Техникалық құжат жасалған соң, сейсмикалық қортынды алу қажет. Ол құжаттардың барлығы ретке келтірілген соң, оны мүлікті жария ету комиссиясына тапсырасыз. Егер жылжымайтын мүліктің барлық құжаттары сай болса, онда комиссия қол қойып, үй заңдастырылады.

Бұл ретте Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлердің үйлеріне мемлекеттік техникалық тексеру тегін жүргізіледі. Сондай-ақ, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға қызмет көрсету тегін және жетім балаларға қарайтын тұлғалар да 100 пайыз қызмет көрсету төлемінен босатылады. Ал I, II топтағы мүгедектерге, «Алтын алқа» алған көп балалы батыр аналарға 50 пайыз жеңілдік қарастырылған.

Мүлікті жария ету акциясы бойынша, саяжайларға салынған үйлер заңдастырылады. Шағын және орта кәсіпкерлікке арналған дүкендер дерәсімделуі тиіс. Бірақ ондағы объектілер құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес болуы керек. Алайда нысаналы мақсаты ауыл шаруашылығына арналған жерлер ҚР жер кодексінің 97 бабына сәйкес, үй салуға, оны заңдастыруға жол берілмейді. Сондай-ақ жалға берілген жерге үй салғандардың да мүлкі бұл рақымшылық бойынша заңдастырылмайды. Өйткені «Мүлікті жария ету туралы» Заңда «жер телімі жеке меншік құқында болуы керек»-деп жазылған.

**Б.Наумаганбетов,**
***Приозерск қаласы Әділет басқармасының басшысы***

*ЭКСПО-2017*

# АСТАНА ЭКСПО-2017 ЗАПУСТИЛА СПЕЦПРОЕКТ С NATIONAL GEOGRAPHIC

**Национальная компания "Астана ЭКСПО-2017" запустила специальный проект сов-местно с National Geographic Traveller, передает Kazpravda.kz.**

О запуске проекта сообщили 12 октября, во время пресс-конференции заместитель директора департамента продвижения и туризма АО "НК "Астана ЭКСПО-2017" Роза Асанбаева, главный редактор National Geographic Traveler Ольга Яковина и главный менеджер департамента продвижения и туризма АО "НК "Астана ЭКСПО-2017" Даниель Сержанулы.




"Международная премия National Geographic Travel Awards – своего рода туристический "Оскар". В этом году партнером премии стал именно Казахстан, ЭКСПО-2017. Казахстан сейчас весьма перспективное направление, имеющее огромный потенциал. Интерес к нему растет, и мы, как ведущее международное и российское издание о туризме и путешествиях, не могли обойти вниманием этот факт", – отметила главный редактор журнала "National Geographic Traveler" Ольга Яковина.

Специальный проект включает в себя онлайн-конкурсы: конкурс маршрутов "Казахстан – время открытий" и фотоконкурс "Казахстан – энергия будущего".

Конкурс маршрутов "Казахстан – время открытий" стартовал 8 сентября и будет длиться до 6 ноября. Желающие могут направить на сайт nat-geo.ru свои истории о достопримечательностях Казахстана. В настоящее время получено 26 заявок от участников. Главный приз – поездка на Международную специализированную выставку "ЭКСПО-2017". Приз победителю будет вручен 17 ноября на церемонии National Geographic Traveler Awards 2016 в Москве. История победителя будет опубликована в социальных сетях и журнале National Geographic.

Фотоконкурс "Казахстан – энергия будущего" стартовал 28 сентября и продлится до 28 октября. Для участия необходимо направить на сайт nat-geo.ru свои фотографии из Казахстана. Жюри конкурса выберут и объявят победителя 1 ноября. Фотографии победителя будут опубликованы в социальных сетях National Geographic. Победитель отправится в фотоэкспедицию в Казахстан вместе с командой National Geographic и шеф-фотографом Андреем Каменевым в мае 2017 года.

**источник: www.kazpravda.kz.**

*18 қазан – Рухани келісім күні*

# РУХАНИ КЕЛІСІМ – БАСТЫ БАЙЛЫҒЫМЫЗ

2016 жылдың 18 қазаны күні қалалық кітапханада Рухани Келісім күніне орай: «Рухани келісім басты байлығымыз», «Рухани келісім-бірлік бастауы», «Рухани бірлік-бейбітшілік пен келісім негізі» атты кітап көрмелері ұйымдастырылды. Бұл кітап көрмелері оқыр-мандардың өз мемлекетінің тарихына, жалпы ой-өрісін дамытуға, мемлекетіміздің өткеніне құрметпен карауға, төзімділікке және басқа халықтардың мәдени құндылықтарына танымдық қызығушылығын арттыру мақсатылда қойылды.

Елімізде Рухани Келісім күнін мерекелеудің тамаша дәстүрі 1992 жылы қазан айында Елбасының тікелей қатысуымен Алматыда өткен Бүкіләлемдік Рухани келісім конгрессінен бастау алады.




Содан бері бұл күн - Қазақстандағы әлеуметтік маңызды күндердің бірі. Рухани келісім күні- шиеленістер мен қақтығыстарға мораторий күні, татулықты іздеу, адамдар арасындағы өзара түсі-ністік қалыптастыру күні, қайырымдылық пен жақынына көмек күні деп таныды.

Ұлтымыз бен діни сенімге қарамастан барлығымызды біріктіретін осы күн – қоғамдағы тұрақтылық пен келісім күні. Сондықтан да бірлік пен қайырымдылық, жақсылық пен сенімділік, ауызбіршілік пен сыйластық күні болып табылады.

**П.С.Кенжебекова,**
***қалалық кітапхана директоры***

# «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2014 ЖЫЛҒЫ 25 МАУСЫМДАҒЫ XXXIV СЕССИЯСЫНЫҢ № 34/238 «ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ, ОНЫҢ МӨЛШЕРЛЕРІН БЕЛГІЛЕУДІҢ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ МҰҚТАЖ АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН САНАТТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІН АЙҚЫНДАУДЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ » ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ»

**Приозерск қалалық мәслихатының**
**2016 жылғы 22 қыркүйектегі № 5/52 шешімі.**
**Қарағанды облысы Әділет департаментінде нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің Тізіліміне 2016 жылғы 11 қазанда № 3982 болып енгізілді.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1.Приозерск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 25 маусымдағы XXXIV сессиясының № 34/238 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің Приозерск қаласының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2690 тіркелген, 2014 жылғы 25 шілдедегі № 30/363 «Приозерский вестник» газетінде, 2014 жылғы 29 шілдедегі «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің Приозерск қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

6 тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын

«6. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі

1) 1-2 қаңтар – Жаңа жыл;
2) 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні;
3) 21-23 наурыз – Наурыз мейрамы;
4) 9 мамыр – Жеңіс күні;
5) 6 шілде – Астана күні;
6) 30 тамыз – Конституция күні;
7) 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні».

2.Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрағасы** **С. Попченко**
**Мәслихат хатшысы** **Б.Сәрсембеков**

КЕЛІСІЛДІ:
«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы
______________________А. Ким
«22» қыркүйек 2016 жыл

# «О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЙ В РЕШЕНИЕ XXXIV СЕССИИ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА ОТ 25 ИЮНЯ 2014 ГОДА № 34/238 «ОБ УТВЕРЖДЕНИИ ПРАВИЛ ОКАЗАНИЯ СОЦИАЛЬНОЙ ПОМОЩИ, УСТАНОВЛЕНИЯ РАЗМЕРОВ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ ПЕРЕЧНЯ ОТДЕЛЬНЫХ КАТЕГОРИЙ НУЖДАЮЩИХСЯ ГРАЖДАН ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»

**Решение Приозерского городского маслихата**
**от 22 сентября 2016 года № 5/52.**
**Заригистрирован в Департаменте юстиции Карагандинской области в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 3982 от 11 октября 2016 года.**

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», постановлением Правительства Республики Казахстан от 21 мая 2013 года № 504 «Об утверждении Типовых правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан», городской маслихат **РЕШИЛ:**

1. Внести в решение XXXIV сессии Приозерского городского маслихата от 25 июня 2014 года № 34/238 «Об утверждении Правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Приозерск» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 2690, опубликовано в газете «Приозерский вестник» от 25 июля 2014 года № 30/363, в информационно-правовой системе «Әділет» 29 июля 2014 года), следующие изменения:

в Правилах оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Приозерск, утвержденных указанным решением:

пункт 6 изложить в новой редакции:

«6. Перечень памятных дат и праздничных дней для оказания социальной помощи:

1) 1-2 января – Новый год;
2) 8 марта – Международный женский день;
3) 21-23 марта – Наурыз мейрамы;
4) 9 мая – День победы;
5) 6 июля- День Столицы;
6) 30 августа – День Конституции;
7) 1 декабря – День Первого Президента Республики Казахстан».

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Председатель сессии** **С. Попченко**
**Секретарь маслихата** **Б.Сарсембеков**

СОГЛАСОВАНО:
Руководитель государственного учреждения
«Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»
________________ А. Ким
«22» сентября 2016 год

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ *** ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ

**“Приозерск қалалық мәслихатының аппараты” мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16**
Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

**Телефон доверия ГУ “Аппарат Приозерского городского маслихата” 5-49-16**
Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных

***

**“Приозерск қаласы әкім аппараты” ММ сенім телефоны 5-41-53**
Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр ап-таның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

**Телефон доверия ГУ “Аппарат Акима города Приозерск” 5-41-53**
График приема граждан:
Аким города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов
Заместитель Акима (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов
Заместитель Акима (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов.

***

**«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі » мемлекеттік мекемесінің сенім телефонының нөмірі: (871039)5-32-45**
Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - Әр аптаның дүйсенбі-бейсенбісі сағат 16.00 ден бастап 18.00 дейін

**Телефон доверия ГУ «Отдел ветеринарии города Приозерск», (871039)5-32-45**
График приема граждан руководителем отдела – Еженедельно понедельник- четверг с 16.00 до 18.00 часов.

***

**«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

**Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82**
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов

***

**“Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушыларкөлігі және автомобиль жолдары бөлімі” ММ сенім телефоны 5-28-57**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

**Телефон доверия ГУ “Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск” 5-28-57**
График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов.

***

**«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-48**
**Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48**

***

**«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-21-08**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты: дүйсенбі, сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00-ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» 5-21-08.**
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела: понедельник, среда, с 17.00 часов до 18.00 часов

***

**“Приозерск қаласының білім бөлімі” ММ сенім телефоны: 5-32-92**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәйсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейн

**Телефон доверия ГУ “Отдел образования города Приозерск” 5-32-92**
График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов

***

**«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99**
Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99**
График приема граждан руководителем отдела- среда с 17.00 до 18.00 часов

***

**«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.**
Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі –дүйсенбі – жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 5-32-18.**
График приема граждан руководителем отдела - понедельник – пятница с 16.00 до 18.00 часов

***

**«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – нің сенім телефоны 5-29-62.**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап

**Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.**
Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, Пятница с 18.00 час.

***

**«Приозерск қалалық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» ММ сенім телефоны 5-41-13**

**Телефон доверия РГУ «Приозерское городское управление по защите прав потребителей» 5-41-13**

***

**“Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі” РММ сенім телефоны: 5-32-19, 5-24-87**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден бастап.

**Телефон доверия ГУ “Отдел экономики и финансов города Приозерск” 5-32-19, 5-24-87**
График приема граждан руководителем отдела - ежедневно с 17.00 часов.

*Ғасыр дертімен күрес*

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ - ЕЛІМІЗДІҢ БҮГІНГІ КҮНГІ КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ БІРІ

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны айқын.

Әрбір қоғам дамуының күнегей жағымен қатар көлеңкелі тұсы да бар қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуатын жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту - әрқасымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу туралы» Заңның басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлық көрістерінен туындайтын қауіп-қатерден ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың жолын кесу және ашу болып табылады. Осы заңмен, мемлекеттік міндетті атқаратын және де оларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін, мүмкіндіктерін пайдалана отырып, пайда табу сыбайлас жемқорлық, деп анықталған. Мемлекеттік тиісті органдар сыбайлас жемқорлықпен күресті жүйелі түрде жалғастырып, пәрменді шаралар көріп отырғаны баршаға белгілі. Оның айтарлықтай нәтижесі де бар. Олар туралы бұқаралық баспасөз бетінде, теледидар және радио арқылы қоғам мүшелеріне жеткізіліп жүр.

Әлемнің көптеген елдері секілді, біздің мемлекетіміз де сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, оның тамырына балта шабуға бағытталған мақсатты жұмыстар жүргізіп келеді.

**Б.Наумагамбетов,**
***Приозерск қаласы Әділет басқармасы басшысы***

*Жас тәрбиешілердің сайысы*

# ЖАС МАМАН – 2016

2016 жылдың қазан айының 14 жұлдызында КМҚК «Балақай» бөбекжайында Қазақсан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай әдіскер Тоқталған Біржанның ұйымдастыруымен жас тәрбиешілердің «Жас маман-2016» атты сайысы болып өтті. Жастық шақ, шаршауды білмейтін, ойы ұтқыр, қаны қызу, ешқашан



ентігу дегенді есіне де алмайтын ерекше жандар. Ендеше егілі ойдың астында не жатқанын біліп отырған шығарсыздар. Жас маман деген түбірі қатпаған ағаш секілді, оны қатайту уақыт еншісінде. Олардың нық қатаюы тек уақытқа ғана байланысты емес, айналасын қоршаған тәжірибелі ұстаздарға да байланысты. Солардың үйретулері арқылы тәжірибемен тамырлап, құнарына қанығады. Жас маман болғандықтан өзін жақсы қырдан көрсету осындай жарыстардың тұздығы болмақ. Биік шыңға шығу үшін, төменгі сатыны бағындыра білу қажет. Мейлі ұстаз болсын, мейлі тәрбиеші болсын тұрағы бір болғандықтан, өздерінің жазық ойлы екендерін дәлелдей білу керек. Ондай дәлелдерді тек осындай жарыстардан ғана көрсете аласың. Әрбір жарыстың түбі бір жеңіс.

Осы сайысты өткізудегі әдіскердің алға қойған мақсаты тәрбиешілерді қызметке бейімдей отырып, кәсіби біліктіліктерін арттыру, шығармашылық қабілетін жетілдіру. Теория мен тәжірибені ұштастыра отырып, кәсіптік құзыреттіліктерін нығайту. Ұжымдық қарым-қатынасқа психологиялық бейімдеу, өзара тәжірибе алмасу. Ойлау қабілеттерін дамыту. Шапшаңдыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу болатын. Бұл іс-шара 4 кезең бойынша өткізілді. I кезең «Мамандығыммақтанышым». II кезең «Педагогикалық қобдиша». III кезең «Шығармашылық шеберхана». IV кезең «Өткірдің жүзі, кестенің бізі өрнегін сендей сала алмас». Сайыстың шарты бойынша I кезеңде тәрбиешілер 5-7 минут ішінде өздерін таныстырып өтті. II кезеңде тәрбиешілер қобдишадан сұрақтарды алып, ішіндегі сұрақтарға жылдам жауап берсе, III кезеңде тәрбиешілер өз қолымен жасалған бір шығармашылық жұмысына қызықты тұрғыда жарнама жасады. IV кезеңде сайыскерлеріміз өз өнерлерін көрсетті.

Сайыс соңында әділқазылар алқасының әділдігімен жеңімпаздар анықталып, марапатталды. Айта кетсек, Жаманбаева Асель Нурадинқызы «Жас маман-2016» иесі атанса, Уразова Замира Турдимуратқызы I орынды қанжығасына байлады. Уринбаева Гульмира Алибекқызы II орынды жеңіп алса, Ердавлатова Мереке Майрамбайқызы III орынды қанағат тұтты. Қалған үміткерлеріміз: Күзембаева Қазына Орынбекқызы «Өнерлі тәрбиеші» номинациясымен, Сатарбекова Сандуғаш Төлеубайқызы «Шығармашыл тәрбиеші» номинациясымен, ал Юлдашова Сағиша Нурмауратқызы «Ізденімпаз тәрбиеші» номинациясымен марапатталды. Көңілі толған көрермендер өз ризашылықтарын білдірді.

**Тоқталған Біржан,**
***«Приозерск қаласының «Балақай» бөбекжайы» КМҚК-ның әдіскері***

*К сведению населения*

# «УСЛОВИЯ НАЗНАЧЕНИЯ ЕДИНОВРЕМЕННОГО ПОСОБИЯ НА ПОГРЕБЕНИЕ»

Приозерское отделение Департамента Государственный центр по выплате пенсии - филиал Некоммерческое акционерное общество «Государственная корпорация «Правительство для граждан» по Карагандинской области уведомляет, что согласно ст. 10 п.2 и п.3 Закона Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» № 105-V от 21.06.2013 г. (Далее –Закон) и Закона Республики Казахстан от 16 июня 1997 г. № 126 «О государственных социальных пособиях по инвалидности, по случаю потери кормильца и по возрасту в Республике Казахстан», в случае смерти получателя пенсионых выплат по возрасту, в том числе получателя государственной базовой пенсионной выплаты, государственных социальных пособий, его семье либо лицу, осуществившему погребение, выплачивается единовременная выплата на погребение в размере 15,7-кратного МРП, если умерший получатель являлся участником или инвалидом Великой Отечественной войны, единовременная выплата на погребение выплачивается в размере 36,6-кратного МРП установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете.

Единовременная выплата на погребение назначается и выплачивается, в случае если обращение за единовременной выплатой на погребение последовало не позднее трех лет после месяца смерти получателя пенсии или пособия.

При обращении физического или юридического лица за назначением единовременной выплаты на погребение необходимо представить следующий перечень документов:

1) документ, удостоверяющий личность лица, осуществившего погребение, либо справка (свидетельство) о государственной регистрации юридического лица (для юридических лиц) или патент индивидуального предпринимателя (для физических лиц, осуществляющих предпринимательскую деятельность без образования юридического лица), осуществившего погребение;

2) свидетельство о смерти получателя или документ, подтверждающий факт смерти, выданный уполномоченным органом других государств и заверенный апостилем;

3)сведения о номере банковского счета в уполномоченной организации по выдаче пенсий и пособий.

Так же сообщаем, что на основании вышеуказанного Закона ст. 50 п. 5, в случае смерти лица, имеющего пенсионные накопления в едином накопительном пенсионном фонде, добровольном накопительном пенсионном фонде и не достигшего пенсионного возраста, не являющегося получателем государственных социальных пособий его семье либо лицу, осуществившему погребение, единым накопительным пенсионным фондом, добровольным накопительным пенсионным фондом выплачивается единовременная выплата на погребение в пределах размера 52,4-кратного месячного расчетного показателя, установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете, но не более имеющихся на индивидуальном пенсионном счете средств.

В случае, если остаток пенсионных накоплений на индивидуальном пенсионном счете получателя после осуществления единовременной выплаты на погребение составит сумму, не превышающую размер минимальной пенсии, установленный на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете, данный остаток включается в сумму единовременной выплаты на погребение.

В случае заключения договора пенсионного аннуитета со страховой организацией умершего страхователя, страховая организация на основании Закона ст. 61 п. 4 страховая организация обязана осуществить страховую выплату в виде пособия на погребение семье либо лицу, осуществившему погребение, в размере, установленном договором пенсионного аннуитета, но не менее 15-кратного размера МРП, установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете.

**Рахматулина Д.А.,**
***руководитель Приозерского отделения ДМРЦСВ***

# ЗАЩИТИТЕ СЕБЯ ОТ ОРВИ И ГРИППА !

**ОРВИ и грипп** – это самые распространенные болезни дыхательных путей, вызываемые вирусами. Они передаются воздушно-капельным путем от больного человека.

**Основные жалобы при простуде**: насморк, першение в горле, осиплость голоса, кашель, повышение температуры, слабость, мышечные боли и другие.

У детей ОРВИ и грипп могут проявляться рвотой, диареей (понос), затрудненным дыханием.

**При первых признаках ОРВИ и гриппа необходимо:**

-незамедлительно вызвать участкового врача (педиатра и терапевта) на дом в дневное время и скорую помощь - в ночное время;

-оставаться дома, соблюдать постельный режим.

**Предупреждение распространения ОРВИ и гриппа:**

-ежедневно производить влажную уборку и часто проветривать помещение (не менее 3-х раз в день);

-соблюдать правила личной гигиены, чаще мыть руки;

-смазывать слизистую носа оксолиновой мазью, особенно перед выходом из дома;

-постараться избегать массового скопления людей в период сезона ОРВИ и гриппа;

-не переохлаждаться, одеваться соответственно погодным условиям;

-использовать одноразовые медицинские маски. Обязательное ношение маски в период подъема заболеваемости ОРВИ и гриппом (осенне-зимний период) при выходе из дома и в доме при наличии больного ОРВИ и гриппом в семье;

-провести своевременную вакцинацию от гриппа по рекомендации врача!

**Особое внимание необходимо обратить на профилактику ОРВИ и гриппа у беременных женщин и детей!**

Помнить о том, что в период беременности ослаблен иммунитет и **ОРВИ, грипп** могут вызвать тяжелые осложнения (бронхит, пневмония, выкидыши, преждевременные роды с осложнениями).

При несвоевременном обращении осложнения ОРВИ и гриппа могут привести к смертельному исходу!

Сформировать домашнюю аптечку для первичной профилактики ОРВИ и гриппа (термометр, маски, аскорбиновая кислота, противогриппозные препараты (арбидол, ингавирин, тамифлю, реленза, анаферон и др), оксолиновая мазь, солевые растворы в нос (капли, спрей)!

**Только врач при личном осмотре может назначить Вам лечение!**

**Не занимайтесь самолечением, оно опасно для Вашего здоровья.**

**Берегите себя и будьте здоровы!**

**А.К.Кутжанова,**
***врач ЗОЖ КГП «ЦБ г Приозерск»***


## ОБЪЯВЛЕНИЕ

**РАЗНОЕ**
**Продам**
**Шубу (мутон с вставками из норки) НЕДОРОГО!!! Цена 160000. Торг уместен. Шуба в отличном состоянии. Все вопросы по телефону: 87078273456, whats app: 87026788538**





**Собственник: ИП Бухарбаева А.А.**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМИ **№ 15037-Г** от 26.12.2014г.
**Адрес редакции**: 101100 г. Приозерск, ул.Космонавтов, д.5-107.
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда,
ул. Сатпаева 15. Заказ № 42/478. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес:** prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
**Подписной индекс - 65041**



*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*